

13 Желтоқсан
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

САЙЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ САЙЛАНҒАН ӘКІМДІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

2022 жылдың 11 желтоқсанында Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің сайлауы өтті. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 9 тармақшасына, 44 бабының 2 тармағына, 45 бабына, 113-10 бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімін сайлау нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлау қортындысын шығарды:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1050 азамат енгізілді, олардың 822-і дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер-21, «Беріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны- 92.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Амангосов А.С.-114, Кереев Ә.С.-70, Шауменов Н.С.-525

Шауменов Нурлыбек Сағынганович, 1973 жылы дүниеге келген, уақытша жұмыссыз, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қаратал ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45 бабына сәйкес 2022 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен 2022 жылғы 11 желтоқсанда сайланған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімін тіркеді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2022 жылғы 11 желтоқсанда болған Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі сайлауының қорытындылары туралы сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. Шауменов Нурлыбек Сағынганович 1973 жылы туған, уақытша жұмыссыз, Ойыл ауданы Қаратал ауылының тұрғыны Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.

2.Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3.Тиісті куәлік берілсін.

Сайлау комиссиясының төрағасы

Б.Т.Бисекенов

Сайлау комиссиясының хатшысы

Н.Б.Кенжебеков

2022 жылғы 12 желтоқсан



АМАНАЛЛАХ МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖАҚЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРДЕГІ БАЛАЛАР ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ОҚУШЫСЫ, «ЖАС ҰЛАН» ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЛАНБАСЫ, АУДАНЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ АМАНАЛЛАХ СЕРІҚҰЛЫ БАЛАЛАР ӨКІЛІ РЕТІНДЕ ОБЛЫСТЫҚ ІРІКТЕУДЕН ӨТІП, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛДАМА АЛҒАН БОЛАТЫН. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АМАНАЛЛАХ «ЖАС ҰЛАН» ҰЙЫМЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫРЫП, ҰСЫНЫС-ПІКІРІН БІЛДІРДІ.

Асхат Аймағамбетов көшбасшы оқушыларды құттықтап, атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтіп, «Президент осы жылды Балалар жылы деп жариялады. Мемлекет балалардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына жағдай жасап, балалардың қауіпсіздігі мен әрбір қазақстандық баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету шараларын қабылдап жатыр. Ал сіздер достарыңызға балалардың құқықтарын түсіндіріп, оларды толғандыратын мәселелерді бізге жеткізіп, көмектесіп отырсыздар. Қазір біз балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында бірқатар ірі жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Алғаш рет Балалардың әл-ауқаты индексі енгізіліп, мектептегі психологиялық қызметтердің қызметі қайта форматталып, буллингтің алдын алу шаралары қолға алынып, әле-

уметтік мәселелер шешіліп жатыр. Әр облыста сіздер қазірдің өзінде ынтымақтастық орнатып жатқан балалар құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдер тағайындалды», - деді министр Асхат Аймағамбетов.

Министр мемлекет дарынды балаларға ғана емес, сонымен бірге аз қамтылған отбасы балаларына да қолдау көрсетіп жатқанына тоқталды. Жақында дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін әлеуметтік осал топтағы балаларға гранттар бөлу туралы шешім қабылданды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Балалар жылында алғаш рет беделді халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары қомақты ақшалай сыйлықтар мен қазақстандық жоғары оқу орындарына конкурстық қатыспай грантқа оқуға түсуге мүмкіндік алды.



ЖАС САРБАЗ - ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ!

Ақтөбе облысы әкімінің 9 наурыздағы №60 қаулысына сәйкес Департамент бастығының орынбасары, жасақтау қызметінің басшысы, подполковник М.Сақыптың тапсырмасы бойынша өткен сейсенбі облыстық жиын пунктінде Астана қаласы Ұлттық Ұлан 5573 әскери бөліміне Ақтөбе облысы бойынша Отан алдындағы борышын өтеуге аттанғалы отырған әскерге шақырушыларды салтанатты шығарып салу шарасын Ойыл ауданы өткізді.

Шара барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жас сарбаздарға Отан алдындағы борыштарын абыроймен өтеп келулеріне тілек-

тестік білдірсе, Ойыл аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы, капитан Ернұр Асқаров осындай ел қорғайтын ұлдарды тәрбиелеген ата-аналарына өз алғысын білдірді. Сондай-ақ ұлдарының тілеуін тілеп отырған Дариға Беймұханбетова, Сәуле Ахметовалар жас сарбаздарға сәттілік тіледі. Әскерге шақырылушы жастар атынан Манас Майлыбаев сөз алып, елімізге адал қызмет ететінін жеткізді. Ойыл аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының есем өндерімен әрленген шара соңында жас сарбаздарға Ойыл ауданының ауылдық округ әкімдерінің дайындаған сыйлықтары табысталды.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ 16 ЖЕЛТОҚСАН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Қадірлі ағайын! Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі, елдігіміздің тұмары – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздік – дәуір мен уақыттың бізге берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Жер бетіндегі қай халық үшін де тәуелсіздіктен биік ұлы мұрат жоқ. Еліміздікі Тәуелсіздігі – ұлтымыздың ежелден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің көк байрақты жеңісі.

Ұлы далада сан ғасырлық қоғамдық құбылыстарды басынан өткізген ел мен халық үшін Ұлы дала сахнасында болған тарихи оқиғалар ізсіз кеткен жоқ.

Сол соқпақты жолды жүріп өткен бабаларымыз талай ғасыр азаттықты аңсап өтсе де, рухы мықты, өр халық намысын ешкімге тапталпады.

Мың жарым жылға жуық халық болып бірігуді, ел болып қалануды, еркіндікті аңсаған халықтың арманы 1991 жылы жүзеге асты. Тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды.

Тәуелсіздігімізді орнықтырудың ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен бірлігінің нәтижесінде ортақ мақсаттар жолында жұдырықтай жұмылған баршамыз Тәуелсіз мемлекетімізді бірлесіп құруға мүмкіндік алдық.

Осылайша, Қазақстан әлемдік тарих бетінде Тәуелсіз Ел ретіндегі жаңа парақтарын бастады. Бүгінде ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың бағындырған белестері, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылған мемлекетіміздің толағай табыстары орасан. Тілегі татулыққа негізделген қазақ елін бүгінде әлем бейбітшілік бесігі деп мойындайды.

Осы уақыт ішінде мемлекетіміздің экономикасы қарыштап даму үстінде болып, көп ұлтты, бірлігі жарасқан, ынтымағы бекем, келешегі кемел ел болды.

Бұл – ұлт пен ұлыстың татулығы, отандастарымыздың табанды еңбегі мен ерік-жігерінің жемісі. Сондықтан да, тарихи оқиғалар тоғысқан бұл мерекені қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек.

Тәуелсіздік жылдары өңіріміздің де экономикалық даму көрсеткіштері қарқын алып, осынау жылдар ішінде Ойыл ауданы зор жетістіктерге қол жеткізді. Уақыт талабына сәйкес, аудан көлемінде жаңартулар мен жаңғыртулар жасалды. Бұл тарапта әрбір ойылдықтың еңбегі, лайықты үлесі бар.

Ардақты ағайын!

Әрине, біз Тәуелсіздігіміздің тағы бір жаңа парақтарын ашар тұста азат ел екенімізді, өткеніміз өнегілі, келешегіміз кемел екендігін зор мақтанышпен айтамыз. Сондықтан да, кешегі өткен бабаларымыздың асыл арманы болған Тәуелсіздікті қанша дәріптесек те артық емес. Қазақ үшін қандай да бір жетістік болмасын оның бастауында – Тәуелсіздік күні тұрады.

Ендеше, қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін бағалау жолында беріміз жұмыла еңбек етуіміз қажет.

Баршаңызды ұлық мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Қазақ елінің Тәуелсіздігі ғұмырлы, Туымыз тұғырлы болсын!

Мереке құтты болсын!

Ігі тілекпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

СУБСИДИЯ АЛАТЫН ФЕРМЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛМЕК

Ауыл шаруашылығы салалары бойынша мемлекеттік субсидия беруде қосымша міндеттер жүктеледі. Бұл туралы кеше ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев мәлімдеді.

«Субсидияны тиімді ете түсудегі тағы бір жаңашылдық – қосымша міндеттер енгізу. Талаптарға келсек, субсидия алатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер ішкі нарық сұранысын есепке ала отырып баға тұрақтылығын сақтауы тиіс. Бұл мәселе бойынша қазір сауда және интеграция министрлігімен бірлескен жұмыс жүріп жатыр. Сонымен қатар жұмысшылардың жалақысын орташа деңгейден түсіруге жол бермеуді көздейміз. Сол сияқты

5 жылда бір рет инвестиция құю міндеті талап етілмек», - деді Ербол Қарашөкеев Мәжілісте өткен дөңгелек үстел барысында. Сондай-ақ, министр ауыл шаруашылығы саласында инвест-жобаларға жеңілдік болатынын айтты.

«Инвесторға қойылатын басты талап – жобаның нәтижелілігі. Осы орайда біз инвестициялық жобаларға субсидияның 75 пайызын бірден береміз. Қалған 25 пайызы жоба нәтиже әкелген соң етеледі», - дейді ол. Бұған дейін Ербол Қарашөкеев субсидиялау процесінің электронды форматқа көшетінін айтқан еді.

«ҚАЗАҚПАРАТ»

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2023 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3292,42

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

4971,92

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

2812,42

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ТӘРТІП – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК – ӨМІРІҢНІҢ ҚАС ЖАУЫ

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуының, дамуының түп-тамыры тәрбиеден бастау алады. Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда, тәрбие мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді.

Білімді, адамгершілікті, кез-келген жағдайда дербес шешім жасай алатын, ынтымақтасуға және өзара іс-қимылға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адам тәрбиелеу мәселесі жыл сайынғы Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу Мемлекеттік бағдарламасынан және т.б. аса маңызды құжаттардан орын алуда. Тәрбие үдерісіне тікелей қатысты негізгі құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және басқа да маңызды нормативтік құжаттарда жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасуына және тілін, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарынан іске асыру - білім беру жүйесінің басты міндеттері болып табылады[1].

Сондықтан, біздің мақсатымыз қалыптасып оны мен соның тани бастаған жас ұрпаққа дұрыс жол көрсету, олардың бойынан адамға тән адамгершілік, Отанды сүйе, өз елінің патриоты бола білу сияқты құнды қасиеттерді сіңіре білу. Адам мақсаты адамгершілік қасиеттер арқылы орындалып, рухани қасиеттер арқылы жүзеге асады. Демек, еліміздегі қоғамды ізгілендіру жағдайындағы ең басты мәселе – адамды құндылық ретінде бағалау. Құндылық – адамдық қасиеттің өлшемі, оның жақсылыққа талпынысы, өзге адамға жанашылығы, айналмадағы адамдарға қайтарымы, өмірді жақсартуға ұмтылысы, өмір сүру ізденісі, тіршіліктегі әр пенденің орны мен рухани-адамгершілік қасиет.

Адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Әрбір бала өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге ұмтылу керек. Жалпы адамзаттық құндылықтарды еске алғанда ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір ұстаз-тәрбиеші халық педагогикасын, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды терең біліп, оларды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, тәлім-тәрбиеге пайдалануға халық алдында жауапты. Адам өмірі – көп салалы, әрі көп қырлы. Осыған орай әркімнің өмірін жеңілдету, реніші мен қайғысын тең бөлісу үшін тәрбиелі, саналы, адамгершілікті адамның сол қайғы-мұңға ортақтаса білуі адамның жоғарғы сапасы. Себебі адамның тәртібі: жастардың үлкендерге сәлем беруі, жол беруі, құрдастарды, достарды құттықтауы, көршінің жақсы қылығын мадақтауы, т.б. секілді кәдімгі қарым-қатынастардан тұрады. И.Гете: «Ең алдымен өзінді-өзің үйрет, сонда сен басқалардан үйренесің» - дейді. Сол сияқты біздің Өл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биология және Биотехнология факультетінде студенттермен түрлі іс – шаралар өткізіледі. Оларға іс шара өткізу мақсатының бірі олар бір – бірмен достық қатынаста болады және араласа бастайды, сонымен қатар түрлі жағдайлармен бетпе – бет келеді, сол арқылы үйренеді, ой тоқтатады деп айтуға болады. Қазіргі кезде бізде «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «Дені саудың жаны сау», «Green Campus» сияқты жобалар бойынша түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады, оның

ішінде кураторлық сағаттар, арнайы тәрбиелік сағаттар, түрлі жарыстар мен конкурстар өткізіліп тұрады. Бірақ, дегенмен осындай іс – шараларды қызық көрмейтін бармайтын студенттер тобы да бар, олардың басым көпшілігі қаланың балалары немесе әлеуметтік орта жағдайы бойынша қиын ортадан шыққан балалар деп айтуға болады. Куратор – эдвайзерлер студенттердің екі тобыменде жұмыс істей білу керек. Адам тәртібінің екі түрі болады: сөздік және нақтылы. Сөздік тәртіп – өз ойымызды білдіруіміз, пікіріміз, дәлеліміз. Біздер, кейде ашу үстіндегі шаршаған кезде немесе жиналған халық арасында, жұмыстағы өз сезімізге онша мән бермейміз. Ал әрбір сөздің мазмұны іс-әрекетіміз бен қимылымыздан бірден-бір кем емес. Швейцар жазушысы Лафатер: «Ақылды болғың келсе, орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа ештеңе жоқ кезде сөйлеуді үйрен» - деген. Атақты жазушы Илияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады» деген екен. Сондықтан орнықты әңгімелесу, сөйлесе білу, сөз арқылы пікірді, ойды жеткізу – адам мәдениетінің бір саласы. Жақсы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар, ол – тыңдай білу. Тыңдауда – алдарыңызға жан салмайтын біртоға адам болсаңыз, ал сөйлесу қажет болғанда – сөздің соңын күтуге тырысу. Әрбір куратор – Эдвайзер студентке өзінің этикасын, құқығын, міндеттерін үйретеді. Мәдениет - бүкіл адам баласының өндірістік, қоғамдық, саналылық, эстетикалық, тұлғалық, даралық бітім-болмыстарының жетістігінің жиынтығы. Адам мәдениеті мен оның тәртібінің өзара байланысты болуы табиғи іс. Мәдениеттілік – жалпы қабылданған ережелерге сәйкес келетін тәртіп. Ол ережелердің өзгеріп отыруы да мүмкін, соған сәйкес тәртіп ережелері де өзгерістерге түседі. Жақсылыққа ұмтылу мен өзін нағыз жақсы жағынан көрсету бір-бірімен үйлеспейді. Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оның осынау Адам деген мәртебелі атпен аталуға құқығы болады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылқытарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жағдайы. емдік кеңістік аясындағы адам өмірі дегеніміз не? Бір ғана сәт, қас-қағым уақыт қана. Бізге берілген осындай ғана ғұмырды өзіміз үшін және өзгелер үшін ешқандай қиындықсыз өткізу маңызды емес пе?!

Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету – біздің қасиетті парымыз. Нағыз ұстаз бейнесін Әбу Насыр Әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да

жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына, шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынтылаулық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айқандай, тамшысымен тас төсетін бейне бір су тәрізді» [2]. Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат бола-ры сөзсіз.

Жас ұрпақ отбасында, ұжымда, қоғамда бірлесе өмір сүру жайында үлкендер әлемінен лайықты өнеге алады. Мұндай өнегеге нелер жатады? Ең алдымен, адамның өз-өзімен және қоршаған ортамен, атап айтсақ, Әлеммен, өзге тіршілік иелерімен, өз пейілдерімен, сезімдерімен және іс-әрекеттерімен жарастықта өмір сүруі, өзінің өмірдегі орнын таба білуі болып табылады[3-7].

Психологтардың айтуы бойынша қатыгез кино, ойын т.б көріністер музыкалық шамандан тыс жоғары дыбысты болуы, құлаққа наушникпен ұзақ тыңдап жүру, құлақтың мембранасына пайдалы емес. Әсіресе ойындар олардың нерв жүйесіне қатты әсер етеді екен. Себебі жылдам жауап беріп, тез қимылдау талап етіледі. Нервтік жүйенің қысқа уақытта қатты жұмыс істеуі жас баланың шаршауын тездетеді. Сонымен бірге адамның әсіресе жасындағы оқушыларға жүйке жүйесіне әсері, тез ашуланшақ болуы, психологиялық құбылыстық әсерлері болуы мүмкін.

Және де таң қаларлық жағдай. Әдетте Жапония десе көз алдымызға дамыған технологиялар елі елестейді[1-6]. Айтары сол жапондардың технологияға берілгені сонша тіпті ұлттық жазуларын, яғни иероглифтерді дұрыс жазуды ұмыта бастапты. «Ұмытқандардың» саны халықтың 66 пайызына жетеді екен. Бұл көрсеткіш соңғы жылдары 25 пайызға дейін өсіпті. Мұның бәрі қалтафон мен компьютерді шектен тыс пайдаланудың әсері дейді мамандар.

“Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір”, - дейді дана халқымыз. Әрбір жас жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік – экономикалық даму жолындағы қарқымымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Осы орайда ұстаздар қауымы студенттерді оқыту барысында тәрбие мазмұны мен тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық – саяси мәдениетін көтеруге басты ықпал ететін жағдай жасау қажет.

Жастардың өмірдегі ұстанымдары әркез қоғам мүддесімен тоғысып, мемлекеттің даму қарқынына ілесіп отырағын абзал. Бұл үшін бірінші кезекте жастарды қоғамдағы құндылықтарды қастерлей білуге үйретуіміз қажет. Келешек ұрпақтың парасаты да, мәдениетті болып, білімді, озық технологияларды, ғылымды жете меңгеріп, әсіресе елжанды азамат болып қалыптасуы – біздің болашағымыздың кепілі. Ұрпақ тәрбиесінде ата – ана, қоршаған ортамен қатар университеттің маңызы зор. Жастарымыздың қоғамның жаңару үрдісімен үйлесімді өмір сүре білуі үшін біз олардың тәрбиесіне айрықша мән беруге тиіспіз.

Кім баласын қатардан қалсын деді. Қай ата-ана болса да шамасы келгенше барын беріп, ұл- қызын қалада жоғары оқу

орнында оқытуға тырысады. Баласының студент атанғанын, ертең болашағы зор маман болғанын қалайды. Қалаға келген жастардың еріктері өздеріне тиген соң, адасулары да болып жатады. Оған, әрине, түскен ортасының әсер ететіні белгілі, әр түрлі дос – жаранға кездесіп, әр қилы жол таңдаулары мүмкін. Бұған себеп қалаға келген жастардың барлығы дерлік биологиялық, психологиялық жетілу және қалыптасу сатыларындағы жастар. Осындай жастардың албырттығының, құзыреттілігінің қалыптасып үлгермегендігіне байланысты соңғы жылдары жастардың көбі дәстүрден тыс діни ағымдар ықпалына түсуде. Ал енді бір студент жастар ақша табудың оңай жолы екен деп әр түрлі келеңсіз істермен айналысуға дайын тұрады. Жауыр болған сөз болса да айтайын, жастар ел болашағы, ертеңгі келбеті. Сондықтан осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін ел-Фараби атындағы Ұлттық университетімізде биология және биотехнология факультетінде барлық оқуға түскен студенттерді топқа бөліп, оларға оқытушылар арасында куратор эдвайзерлер сайланады.

Сонымен, студент үшін куратор-эдвайзер кім? Оны мен білмейтін оқырманға таныстырғым келді? Эдвайзерлер жұмысының негізгі бағыттары жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, білуге студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалылығы негізінде өзін-өзі көрсету қабілеттерін көрсетуге қолдау көрсету. Эдвайзерлер университет, факультет өкімшілігі және студенттік топ арасында байланыс орнатушы негізгі тұлға болып табылады.

Эдвайзердің міндеттері: студенттердің білім алуының жеке траекториясын анықтауға және білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында; оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады, студентке жеке оқу жоспарын құрастыруға және түзетуге ықпал етеді және көмек көрсетеді. Эдвайзерлер факультет деңгейінің өкімінен кафедра меңгерушісінің келісімі негізінде тағайындалады. Эдвайзер студенттерді университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, оқу жұмыс жоспарының мазмұнымен, диплом алудың талаптарымен, таңдаған мамандығының мүмкіндіктерімен таныстырады және студенттердің өз мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып оқытудың жеке траекториясын анықтауына көмектеседі. Эдвайзер тіркеу ережелеріне сәйкес студенттердің пәндерге тіркелуі барысына қатысады. Әрбір эдвайзерге Тіркеуші кеңсесі анықтаған студенттердің белгілі бір тобы бекітіліп беріледі. Оқу жылы барысында эдвайзер кеңес беру кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Эдвайзерлер келесідей қызметтерді орындайды: студенттерді білім беру үдерісін ұйымдастырудың ережелерімен таныстыру; тиіткі оқу жоспарымен және элективті пәндер каталогымен таныстыру (міндетті және таңдау пәндері тізімін құрастыруды талаптарымен, курстың пререквизиттері және постреквизиттерімен); кредиттердің саны туралы мәліметтер беру және оларды игерудің тәсілдерін түсіндіру. Куратор-эдвайзер студенттік топтарда оқу-тәрбие жұмысын жүргізу барысындағы басты тұлға. Ол топтағы студенттердің қызметін және тәрбие жұмысын ұйымдастырушы. Куратор-эдвайзердің тәрбие қызметінің аса

маңызды бағыты болып бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуіне көмек көрсетеді. Студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық және бос уақытты ұтымды өткізу сияқты мәселелерін ұйымдастырушы. Студенттік топта жастар арасында сыйласушылықты, ауыз бірлікті, қайырымдылықты, өзара бірін-бірі қолдауды үйретеді. Сонымен қатар куратор-эдвайзер университеттегі оқу сабақтарына, аралық, апталық және сессияға байланысты студенттерде мәселелер туындаса көмек көрсетеді. Топтағы әрбір студенттің денсаулығы мен тұрмыстық жағдайы туралы ақпаратқа ие. Жастарды студенттік өмірге баулу, өздерін-өзі тануына көмек жасайды.

Ата-ана үшін ең керекті студенттердің жеке мәселелеріне: сабаққа қатысуы, үлгерімі, жоғары оқу орнындағы іс-әрекетіне куратор-эдвайзер аса көңіл аударады. Керек болған жағдайда ата-аналарға қажетті ақпаратты бере алады[7]. Қазіргі заманауи техникалық заманда ата-ана баласының оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын интернет болса болды, үйде отырып біле береді. Ол үшін университет сайты <http://www.kaznu.kz> арқылы студенттің жеке логин паролымен студенттің жеке электрондық бетіне кіруге болады. Сонымен бірге студенттің академиялық үлгерімі туралы ақпаратты Регистратор офісі арқылы білуге де болады.

Жалпы, ата-ана бірінші курстың басында куратор-эдвайзермен хабарласып танысып алғаны бір жағынан жақсы. Себебі, әке-шешесі куратор-эдвайзерін білетін болғандықтан студенттің оқуға жауапкершілігі артады. Біз бірнеше жыл куратор-эдвайзер қызметін қоса атқарып келеміз. Біздің тобымыз қазіргі келемде қарқынды дамушы биология ғылымының өндіріспен тікелей байланысты саласы бойынша оқитын студенттерді дайындайтын «Биотехнология» мамандығының 3-курс студенттері. Міне, осы топ студенттерімен тәрбиелік жұмыстар жасауда олардың ата-аналарымен әр түрлі кездесулерде олардың көпшілігінің кураторлар жұмыстарынан хабарсыздығы, ал егер баласының оқуына немесе бағыт бағдарына күмәні болса, хабарласып сұрауына болатындығын білмейтіндіктерін байқадық. Тіпті, кей ата-аналардың баласының «бәрін тапсырдым» - деген сөзіне сеніп, олардың кейбір пәндерді тапсырмағандығын, ол пәнді қайта оқытынын кеш біліп жатады. Сондықтан осындай ауыл өмірін қалаға ауыстырып жатқан уақытта жастарға көмектесетін куратор-эдвайзері жұмысы жайында жазғым келді. Былай қарасаң, студент көмелетке жеткен, оны мен соның танытын сияқты болып көрінеді. Ал жұмыс барысында оқуға түскен көпшілік жастардың, әсіресе, 1-2 курста өлі де болса ата-анасын сағынып, жасы үлкен қамқоршы, ақылшы іздейтіндері де кездеседі. Осындай уақытта студенттің жан дүниесін түсініп, дер кезінде ойларымен бөлісуге шақыру, уақыт табу куратор-эдвайзерге байланысты. Тәрбиесі түрлі от басынан шыққан студенттермен жұмыс барысында топтағы студенттердің этикалық тәрбиесіне, адамгершілігіне, мәдениетіне назар аудара отырып, «Бала тәрбиесі – бесіктен» деген сөздің мағанасын түсінгендей болсаңыз. Топтағы кейбір студенттің білімге құлшынысын, мінез-құлқын, университеттің ішкі тәртібін қадағалауын, тұлғалық жан-жақты дамуға ұмтылуын байқағанда ата анасына іштей рахмет айтасың. Ал кей жастардың өтірік айтып тұрғанын көргенде ата-аналарының тәрбиеден оқылдық жасап алғанына өзін өкінесің, тәрбиелеуге тырысасың. Алайда,

нәтиже барлық уақытта бола бермейді.

Сонымен бірге айта кететін жайт, ата-аналардың балаларының көптеген мамандық таңдауына көмектескені дұрыс сияқты. Мысалы, кейбір жастардың көңілі құлап, жүректен қалап осы мамандықты таңдамағаны оқуды қызыға оқымағанынан, тіпті деріс тыңдауға ерініп отырғанынан білініп тұрады. Сондықтан ата-ана мектеп қабырғасында жүргенде өмір жолын таңдауға көмектесіп, сонымен бірге баратын оқу орны мен мамандығы жайында бірге толығырақ білуге тырысқаны жөн. Сонда ғана жастар өмірде өз орнын тауып қана қоймай, кейін мамандығы бойынша еңбектенуде шаршамайтын, жалықпайтын бақытты адам болады. Енді бір студент тек 3-4 университет қабырғасында ғана өзін өзі танып, оқып жатқан мамандығының сыр қырын тереңірек біліп қызыға бастайды. Мұндай студенттер магистратураға түсуге бар күшін салады. Ондай студенттер бізді бір қуантып тастайды.

Студенттер университет қабырғасында тек мамандықты игеріп қоймай, тұлға ретінде қалыптасады, жол таңдайды. Соңғы жылдары ғылымға қызығушылық қала жастарына қарағанда ауыл жастарында басым. Бұл, әрине қуантатын жай болып табылып қоймай, сонымен бірге ауылда өлі де ғылым мен руханиятқа деген көзқарастың басымдығын көрсетеді. Біздің университетіміздің ұстанымының бірі студенттерді ғылымға баулу, сондықтан көп студенттер 2-3 курстардан бастап, факультеттегі ғылым зерттеу зертханаларында жұмыс істейді. Бұл жастарды тек ғылым саласына баулып қоймай, оларды өмірге шығармашылық көзбен қарауға үйретері сөзсіз.

Сонымен, куратор-эдвайзер ретінде әр студенттің серігі ақыл, жетелеуші ғылым, көңіліне сәуле шашар жарығы ар мен мінез болса деп тілесем, қаймағы бұзылмаған ауылдан қазақ балаларына дәстүрлі құндылық пен діни санасын жетілдіруден, оны бойларына сіңірден және ішкі мәдениетті үйретуден жалықпаса екен деймін. С.Макаренконың «балаға тәрбие беру үшін тек үгіт пен ақыл жеткіліксіз. Егер сіз өзіңіз мақтаншақ болсаңыз, жолдасыңызды сексеніз, сіздің балаға айтқан үгітіңіз, ақылыңыз түкке де керек емес» - деген сөздерін есте естен шығармаса екен деймін.

Пайдаланылған өдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
2. Закон Республики Казахстан «Об Образовании» от 27 июля 2007 года № 319 - III.
3. Егорова Ю.А. Проблема интеграции науки и образования // Современные наука емкие технологии. – 2008. - №1-С.74-75
4. Б.А.Альмухамбетов. Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 290с.
5. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы – 2005, 2006.
6. А.Ю. Абинова. Проблемы интеграции системы образования в национальный инновационный комплекс // Вестник КазНУ, 2014. <http://artiklez.com/artiklez/category/163>.
7. Чунетова Ж.Ж., Жумабаева Б.А. Студентке кім эдвайзер – Қазақстан мұғалімі, Алматы - 2017ж.

Ж.ЧУНЕТОВА, Б.ЖҰМАБАЕВА, Өл – Фараби атындағы ҚазҰУ, Биология және биотехнология факультеті.

«ЖАҢА ӘЛІПБИ - ЕЛ ТАҢДАУЫ»



Латын әліпбиіне көшу - халқымыздың, шырдап келгенде ұлтымыздың жаңа бастамаларға жол ашатын бірден-бір басты қадамы.

Латын әліпбиіне көшу - халқымыздың жаңа бастамаларға жол ашатын бірден-бір басты қадамы.

татыны да осы. Бірақ, барлық жаңашыл бетбұрыстардан ілік іздеп, сыныққа сылтау ете берсек, айтылған сөз жерде қалып, «үздік елдер дәрежесіне көтерілеміз» дегеніміз бекерге кетпек.

КЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТАР МЕРЕКЕЛІК ШАРАНЫҢ «ҚҰРАЛЫ» ЕМЕС!



Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі аумағында қылқан жапырақты ағаштардың негізгі орман құраушы түрі - көдімгі қарағай.

дында күшейтілген тәртіппен күнесті туралы жыл сайын бұйрық шығады.

жаңа жыл алдында үйінде шырша тұрғанын жақсы көреді. Алайда жоғарыдағы бұйрыққа сәйкес жаңа жыл алдында қылқан жапырақты ағаштардың жас көшеттері ерекше қорғауда болады.

Т.СЕНҒАЛИЕВ, «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» директорының орынбасары.

ГРАФИК ПРОВЕДЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ТЕХНИЧЕСКОГО ОСМОТРА МЕХАНИЧЕСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И ПРИЦЕПОВ К НИМ МОБИЛЬНОЙ ЛИНИИ ЦТО ИП НИГАМатов А.Н ПО УИЛ-СКОМУ РАЙОНУ НА 2023 ГОД.

Table with 5 columns: №, Наименование населенных пунктов, Период (дата) проведения обязательного технического осмотра, Место проведения обязательного технического осмотра, Режим работы.

ЖАҚСЫ АДАМ ЖАҢЫМЫЗДА

Мен көп жылдан бері Ойылда балалардың патронаттық тәрбиесімен айналысамын.

балаларды тәрбиелеу барысында көптеген қиындықтар кездесті.

Ақ тілөкпен, Муслима ҚАЛЖАНОВА.

ӘКЕ БАЛАСЫН, АНА ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Қазақ халқында қыз балаға, жалпы әйелдер қауымына деген құрмет ежелден жоғары.

басылық келіспеушілік туындап, отанасына ауыр сөздер айтылып немесе алкоголь ішімдігін ішіп жұбайына еш себепсіз тиісіп, арнамысына тиетін сөздер айтып, қол жұдырына деген әлімжеттік екені анық.

С.ШАЙМАҚОВА, Ойыл аудандық соты кеңсесінің бас маманы.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ - КӨК МАЙҒАҚ!



Қыс қай уақытта да қауіпті кезең. Өйткені бұл уақытта адам өміріне қауіп тудыратын көптеген стихиялық құбылыстар болады.

өткенде жарақат алып қалмас үшін сүңгілерден абай болыңыз. Ал, көшеде жүргенде жерді нық басып, қолыңызды қалтаға салмай, тепе-теңдікті сақтаған дұрыс.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

СЕРІК САПАРҰЛЫ НАУРЫЗБАЕВ



2022 жылғы 7 желтоқсанда Ойыл өңірінің белгілі азаматы Серік Сапарұлы Наурызбаев 54 жасында кенеттен дүниеден озды.

Еңбек жолын 1988 жылдың қыркүйек айында Ойыл аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде бас инспекторы болып бастады.

Серік Сапарұлы өзінің білімі мен тәжірибесі, мақсаткерлігі, жоғары адамгершілік ұстанымы нәтижесінде көпшілік арасында лайықты бедел мен құрметке ие болды.

Серік Сапарұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

А.Қазыбаев, С.Займолдин, С.Сүлейменов, М.Айдарбаев, Е.Тлепов, Ф.Займолда, Б.Иманғалиев, А.Жолдыбаев, С.Дәулетқалиев, К.Өталиева, А.Аймағамбетов, Т.Шалабаев, С.Аманғосов, С.Қойбағаров, Б.Бақтыгереев.

«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұжымы сектор меңгерушісі Серік Сапарұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақын-жуықтарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіндегі психолог маманы Сәуле Әжнәзиеваға қайынысы

Мекеев Әділбектің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының электрігі Нұрдаулет Сапаровқа өкесі Серіктің

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының акушеркасы Анаргүл Наурызбаеваға аяулы жары Серіктің

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1761 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДЕПУТАТ БҒИЕСІ

«ҮЗДІК МАМАННЫҢ» үлесі көп



Дәрігер мамандығы – мамандық атаулы ішіндегі ең қасиеттісі, әрі абыройлысы. Дәрігер мамандығы – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген сүйіспеншілікті қажет ететін ұлы мамандық. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. «Дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек» - деген үлкендердің айтқан ұлы да, ұлағатты сөздері бар. Арыстандай еш нәрседен қорықпайтын өзінің бойын қорқыныштың баурап алуына жол бермейтін, қыздай өз ісіне байыппен қарайтын, өз ісіне сеніммен қарай білетін, анадай науқастарға мейірімін төге білетін, өзінің анасы өзіне қандай мейіріммен қараса, ол да науқастарға сондай мейіріммен қарай білетін жан болуы тиіс. Осы аталған қасиеттердің барлығы бойынша табылатын Сәндібек Нұрбаев аудандық аурухананың бас дәрігері болғандықтан да шын қуанғанымыз рас. «Алтын қолды азаматтың» алдынан талай адамның өмірге қайта қанат қағып шыққанын көрдік. Қашанда қайнаған жұмыстың ортасында жүретін Сәндібек Мұ-

хамбетжанұлы 2014 жылдан бері аудандық мәслихаттың депутаты. Қым-қуыт тіршіліктің арасынан бәріне уақыт табатынына таң қаламыз. Туғалы туған жерінен тамыры үзілмеген жігіт үшін Ойылдың барлық шаруасы таныс. Оның үстіне аудандық мәслихаттағы білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болғандықтан, Сәндібектің өзі де өзіне етене таныс саланың мәселелерін жиі көтереді. Ол - инфрақұрылымды дамыту, елді мекендерді газдандыру. Мұның бәрі сайып келгенде халықтың әл-ауқатын арттырудың алғышарттары екені рас. 1994 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясына түсіп, 2001 жылы «емдеу ісі» хирург мамандығы бойынша аяқтады. 2002 жылдың шілде айынан бастап Ойыл орталық аудандық ауруханасына хирург дәрігері қызметіне қабылданды. Қызмет уақытында өзінің біліктілігін арттыру мақсатында дәрігер травматолог қызметтерін қоса атқар-

ды. 2013 жылдың қазан айынан бастап Ойыл орталық аудандық ауруханасының бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болды. 2015 жылдың мамыр айынан бастап конкурс нәтижесімен Ойыл орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалды. 2020 жылғы желтоқсанда «Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі және жоғары кәсібилігі мен мәслихат депутаты қызметіндегі бірлесіп атқарған еңбегі үшін» аудан әкімінің Алғыс хатын алса, 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерекесіне орай, жергілікті мемлекеттік басқару ісіне қосқан үлесі мен мәслихат депутаты қызметіндегі атқарған еңбегі үшін облыстық мәслихатының хатшысы А.Нұғмановтың «Алғыс хатымен» марапатталды. Денсаулық саласына қосқан еңбегі мен үлесі үшін алған алғыс хаттары мен марапаттары бір төбе. Ел ағасы жасына қадам басқан ел сенімін арқалаған азамат жуырда ауданға тағы бір сүйінші хабарды жеткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген Қазақстан Республикасының «Жылдың үздік маманы» республикалық байқауына қатысып, Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев «Жылдың үздік маманы» төсбелгісімен және АМАНАТ партиясының І-ші дәрежелі дипломымен марапатталды. Дәрігерлер отбасында жұбайы Әлия Баймағамбетқызы екеуі 4 бала тәрбиелеп отыр.

С.ХАМЗИН.

ТАРИХЫ АУЫЛМЕН ТАМЫРЛАС

СОҢҒЫ БІР ҒАСЫРДАН БЕРІ ҚОҒАМ ДАМУЫ ҚАНДАЙ ФОРМАЦИЯҒА КӨШСЕ ДЕ, МАҚСАТЫНАН АЙНЫМАҒАН ҰЙЫМ - МЕКТЕП. АҚШАТАУ ШАҒЫН АУЫЛДАРДЫҢ САНАТЫНА ЖАТҚАНЫМЕН, МЕКТЕБІНИҢ ТАРИХЫ ЖУЗ ЖЫЛҒА ТАЯП ҚАЛДЫ.



Алғаш рет бастауыш мектеп болып Ақшатау колхозында өткен ғасырдың 30-жылдары ашылған. Сол кездері Ақшатау аумағында 4 колхозда Ақшатау, Талтоғай, Ащықара, Еңсеген ауылдарында бастауыш мектептері ауыл балаларының сауатын ашуға кірісті. Мектепте колхоз жұмысшыларының балалары оқыды. 1952 жылға дейін бастауыш мектеп болса, колхоздардың іріленуіне орай 1952 жылдан 1960 жылға дейін жетіжылдық мектеп болды. 1960 жылы Қаракемер елді мекенінде жаңа мектептің салынуына байланысты мектеп қайтадан бастауыш мектепке айналды. Сол кездері мектепте Ынта Қараманова, Селеу Нұрмұханов, Салаш Нәреннов, Тонажан Өрбісінов, Сәрсенбай Құбиев, Аққерей Саржігітов, Салахаддин Қарағозин, Рахметолла Көпмағанбетов, Ораз Алтыбаев, Дәуіт Құрманалин, Дауылбай Ермұханов, Мәліш Докина, Салима Оразова сынды ұстаздар еңбек етті. Кейіннен 1973 жылы жаңа мектеп ғимараты салынып, сегізжылдық мектепке айналып, мектеп атауы Ақшатау сегізжылдық мектебі болып аталды. Сол жылдан бастап 1988 жылға дейін мектеп директоры болып Әділхан Мәргалиев қызмет етті. 1988 жылдан 2014 жылға дейін Мінсізбай Жайлыбаев мектеп директоры болып қызмет атқарса, 2009-2010 оқу жылында мектеп директоры қыз-

метін Нұрлан Қазбеков атқарды. 2012-2013 жылдары жаңа типтік жобадағы ғимараттың салынуына орай, Ойыл ауданы әкімдігінің 26.08.2013 жылғы №194 қаулысы негізінде «Ақшатау орта мектебі» болып құрылды. Яғни, жоғары класс оқушылары бұрынғыдай Ойылда интернат немесе ағайындарын жағаламайды. 2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Бекжан Қарасаев директор болып қызмет атқарып келеді. Өріге бармай-ақ, 1973 жылдан бастап есептегенде бүгінгі таңға дейін 556 түлек негізгі мектепті бітіріп шыққан. Осы түлектер қазіргі таңда халық шаруашылығының әр саласында еңбек етуде. 16 түлек үздік куәлік иегері атанған. Атап айтар болсақ, Рая Құлмурзина, Әлия Нұрмашева, Гүлнәз Қарасаева, Ғалия Нұрмашева, Айман Сағиева, Роза Текебаева, Ақтоты Аханова, Гаухар Насухина, Ерұлан Жайлыбаев, Есболат Әділханов, Гүлжанат Жұрымбаева, Дарина Қосанова, Бексұлтан Кәрім, Зарина Сайынова, Жасұлан Бақтыгереев, Мәлдір Жарқынбаева, Инна Кәкиева. Гүлжанат Жұрымбаева – ауылдан шыққан тұңғыш орта мектептің үздік аттестат иегері болса, Зарина Сайынова мектептің тарихында тұңғыш рет «Алтын белгі» иегері атанды. Жасұлан Бақтыгереев болса, белгілі «Алтын белгі» иегері.

Шағын мектептің аты шартарапқа түлектерінің табысымен танылды. Мәселен, медицина ғылымдарының кандидаты Шадыман Насухин М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің оқытушысы болса, Төлеу Сапаров Ақтөбе қаласындағы жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері. Демеу Сапаров Ақтөбе облыстық Ішкі Істер Басқармасының бөлім бастығы. Абыл Насухин Ақтөбе қалалық білім бөлімінің маманы. Жайнагүл Дауылова жас талантты журналист, облыстық тілдерді дамыту басқармасының маманы қызметін атқарды. Қазіргі таңда Қобда ауданы Беғалы орта мектебінің директоры. Осындай таланттарды тәрбиелеп, қияға қанат қақтырған ұстаздардың да еңбегі жеміссіз емес. Уақит Нұрмашев 1986 жылы Қазақ ССР-нің «Аға мұғалімі» атағын иеленсе, ұзақ жылдар мектепті басқарған Мінсізбай Жайлыбаев «Самбо күресінің құрметті ардагері» медалімен және 2019 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің атынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазіргі таңда Мінсізбай Жайлыбаев Ақшатау орта мектебінде қазақша күрес үйірмесінің жетекшісі. Еңбегі де жеміссіз емес. Шәкірттері облыстық, республикалық жарыстарда талай мәрте топ жарды.

Мақалалар топтамасы Ойыл ауылдық округінің өкімдігімен бірлесіп дайындалды

ӘКІММЕН ӘНГІМЕ

ҮЛКЕН АУЫЛДА үмітті істер көп

ОЙЫЛ – АУДАН ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАНДЫҚТАН, БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН АУДАНДАҒЫ ҮЛКЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ. ДЕМЕК, ХАЛҚЫНЫҢ ТАБЫСЫ ДА, МӘСЕЛЕЛЕРІ ДЕ АУҚЫМДЫ. СОНДЫҚТАН, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТИҢ ӘКІМІ СӘНДІБЕК ДӘУЛЕТҚАЛИЕВПЕН СҰХБАТЫМЫЗ АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ ӨРБІДІ.



-Аумағы да, халқы да үлкен ауылдың сұранысы мен талап-тілегі де көп болатын түсінікті. Бүгінгі күні тұрғындардың көтеріп жүрген негізгі мәселелері қандай?

-Уақыттың ағымына орай өтіншітердің де өзгеріп отыратыны белгілі. Бәрі де өркениет көшіне ілесуді көздейді. Соңғы жылдарғы тұрғындардың өтінішінің өзегі – көше жолдарының жайы. Сол себепті, биыл көшелерді жөндеуге көп мән бердік. Сол үшін «Ақтөбе Құрылыс Аймақ» ЖШС-мен 253 млн. теңгеге келісім шарт жасалған еді. Мәселен, Екібаев, Тәуелсіздік, Қлипанов, Ержанов, Құрманғазин, Иманов көшелеріне асфальт төселсе, Жолмырзаев көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. -Ойыл – аудан орталығы дегенімен халықтың басым бөлігі малды қосымша табыс көзі санайды. Малды бақтыру да негізгі мәселенің бірі өкени рас. -Округте сиыр мен жылқы басының өсуінде жақсы көрсеткіш бар. Жалпы округ бойынша 5 бағытқа сиыр бағу табыны ұйымдастырылған. Алдарында 110-150 бас шамасында сауын сиырлар бар. Белгілі бағыттар бойынша шыққан мал табындарына да малдарын қоспайтын азаматтарда бар. Қоғамдық табындарға 20 бұқашық қосылды. Дегенмен, Ойыл селосындағы Ашықбай

бағытына қарай ұйымдастырылған күтуге мал қосушылар болмады. 2022 жылы жануарларды асырау қағидаларын сақтамаған округ ішінде қараусыз жүрген малдарды қамап, мал иелерін анықтап, Ойыл селосының 26 тұрғынына хаттама толтырылып, 9-на ескерту беріліп, 17-не айыппұл салынды. Қамалған үй жануарларының 23 басы МҚ, 35 басы жылқы малы. -Тұрғындардың малдан да басқа табыс көзі бау-бақша. Бағбандықты мөңгергендер де көп табысқа көнегіп отыр... -Бау-бақша өсіру бойынша ауыл сыртындағы өзен жағасына мекемелер, жеке тұрғындар 3 га жерге картоп екті, сай астындағы бау-бақшадан жер алып, көкөніс егушілер көбейді. Ауласындағы шағын бақшаларын айтпағанда, биылдың өзінде бес адам 60 сотық жер алды. Осыдан-ақ, халықтың бұл бағытқа да бетбұрысын аңғаруға болады. -«Тазалық – денсаулық көпірі» - дейміз. Ортақ үйіміздің тазалығы да ортақ болуы керек. -Ауылдық округтің санитарлық тазалығын сақтау, көгалдандыру жұмыстарын, абадтандыру ба-сты назарда. Аудан орталығының көшелері ақылы қоғам қызметкерлеріне бекітіліп, тазалық жұмыстары жүргізіліп отырады. Жолмырзаев 42 үйдің төбесі де-

меушілер арқасында бикрос материалмен жабылып, электр желілері жөнге келтірілді. Ойыл селосы Қарауылтөбе бағытындағы үш дамба көтеріліп, көктемгі қар суының Сегізсайға бұрылуына «жағдай» жасалды. Қаңқайдың басындағы бейітке темір тормен қоршау жүргізілді. Ойыл селосындағы көшелерге жаңадан жол белгілері қойылып, жолақтар салынды, сонымен қатар қозғалыс көп көшелерге жасанды кедергілер орнатылды. Көкжар көшесінің бойындағы суағарлардың 200 метрі жаңасына ауыстырылып, ескі суағарлар Шернияз көшесінің төменгі жағына орналастырылды. Ойыл селосының жеті көшесіне, (яғни Алтынсарин, Тапалова, Байғанин, Қойшығұлов, Амангелді, Ержанов, Молдағұлова көшелеріне) Ақшатау, Қаракемер елді мекендерінде 20 нүктеден 40 жерге қосымша жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Мамыр айынан бері аудан басындағы елді мекендер аумағындағы қалдықтар жиналған орындардан (165 тонна) әртүрлі қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтар шығарыла, дендрологиялық жоспар бойынша биыл 20 га жерге талдар егілді. -Өңіміңізге рахмет! Еңбектерің жемісті болсын!

ЕКПЕТАЛДЫҚТАРДЫҢ ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫ КӨТКЕ ҮЛГІ



Екпетап ауылы тұрғындарының ұйымшылдығы мен ынтымағы көпке үлгі. Ауыл азаматтарының береке-бірлігі осында туып-өскен жастардың, азаматтардың ұйытқы болуымен елдің біртұтастығы жоғалмай келеді. Биыл тоң байланып, қардың күрт еруі, сондай-ақ Ойыл-Қиыл қос өзеннің қоса тасуы, сәуір айында толассыз толыққан өзен суы Екпетап, Қаратал ауылдарына да қауіп тудырды. Әйтсе де, мол-

шылықтың көзі болған өзеннің арнасынан асып, аңғарларды суға толтыруын ел жақсылықтың нышаны деп қабылдады. Екпетаптың арнасы, ел азаматтарының, жастардың ауызбіршілігі, ұйымшылдығы арқасында орын алар аса ауыр зардаптардың беті тойтарылып, өзен суы сабасына түсті. Ауызбіршілікпен күн-түн демеі бұл қиыншылықты да бір кісідей еңсерді.

Қандай қиындық болса да, ауыл тұрғындары сабырлық сақтап, бір-біріне қолдау көрсетіп отырады. Түрлі той-томалақтарда, мереке қуаныштарда елдің ауызбіршілігі байқалады. Ол қазақтың қайғы келсе де, қуаныш болса да «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алатындығы». Ынтымағы жарасқан, ұйымшылдығы ұйысқан осы қасиетті ауылдың болашағының жарқын екендігіне шүбә жоқ.